



Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 13 қаңтарда № 3306 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша қазақ тілінде "ставкалары", "ставкаларын" сөздері "мөлшерлемелері", "мөлшерлемелерін" сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 133 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.04.2018 № 282 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы шешімге сәйкестендіру және жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін төлеушілердің назарына жеткізуді "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не (келісім бойынша), Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдеріне (келісім бойынша) ұсынылсын.

3. Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 26 наурыздағы № 52 "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 3240 тіркелген, "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газетінің 2008 жылғы 10 сәуірінде № 42-43 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
Облыстық мәслихаттың хатшысы

Қ.ТОҚТАРОВ

Б.ОРДАБАЕВ

2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 26.02.2020 № 512 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	144,2
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	418,7
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	116,2
4.	Су көздерінен су алууды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	113,7
5.	Су энергетика	теңге/1000 кВт. сағ	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	14,0
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	125,2
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	352,5
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	97,0
10.	Су көздерінен су алууды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	97,0
11.	Су энергетика	теңге/1000 кВт. сағ	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлемелері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК